Б. Момышұлының „Ұшқан ұя" және
Д. Исабековтің „Әпке" туындыларындағы отбасы
құндылықтары

Отбасы құндылығы - ешқашан өз қажеттілігін жоғалтпайтын, ұрпақтың өсіп-өнуінің алтын діңгегі. Өйткені ол-бегім бір әлеуметтік мектеп. Оның адам өміріне деген ықпалы ерекше. „Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің" деген аталы сөздің төркіні.

Менің ойымша, қазақ әдебиетінде осы отбасы құндылығын арқау еткен шығармалар өте көп. Мәселен, „Әпке" драмасында анасы қайтыс болған соң, әкесі бес баланың ауыртпашылығын көтере алмаған соң тастап кетті. Ал, ең үлкен әпкесі Жамажай өз бауырларына, әпке де, ана да бола алды. ~~Ұшқ~~ „Ұшқан ұя" шығармасында әкеге өкпелеуге, ренжуге болмайтынын ұқтық. Қазіргі заманда ананы тыңдамау, әкенің сөзін (елемей) елемей кететін ұрпақтарда бар. Қазіргі заманның басым көпшілігі солай деп ойлаймын. Егер бұл жалғаса берсе арты жақсылыққа апармайтыны айдан анық. „Шешеңе ауыр сөз айтпа, артыңа ауыр жүк артпа".

Берілген ақпараттардағы саралай келе, тәлім-тәрбие, баланың мінез құлқы бәрі ата-анадан яғни отбасынан басталады.
„Отбасы - алтын ұяң"!


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

„Бауыржан Момышұлының „Ұшқан ұя" және Дулат Исабековтің „Әпке" туындыларындағы отбасы құндылықтары."

Отбасы дегеніміз - ең алдымен адам бойына тәлім-тәрбие қалыптастырып қана қоймай, қиын сәттерде үнемі жаныңнан табылып, керек кезде қолдау беретін адам өміріндегі ең құнды жандардан тұратын орта.

Қазақ халқы - отбасылық құндылықтар бала кезінен бойына сіңірген өнегелі қауым. Ата-бабамыз отбасындағы бала тәрбиесін бірінші орынға қойған. Оны Бауыржан Момышұлы атамыздың „Ұшқан ұя" мен Дулат Исабековтің „Әпке" драмасы арқылы дәлелдей аламыз. „Ұшқан ұя" шығармасында Бауыржан Момышұлы өзінің балалық шағы мен отбасы туралы баяндаса, Дулат Исабеков өз кезегінде „Әпке" драмасы арқылы қазіргі отбасыларда көп орын алып жатқан мәселелерді көркем суреттейді. Мысалы, үлкендерге сый көрсетпеу, материалдық жағдайды байыту үшін өз баласынан бас тарту. Нақтырақ айтсақ, басты кейіпкеріміз Жаманқайдың інісі Тимур мен Камиланың материалдық жағдайын реттеу үшін уақытша баланы керек емес, бала - ары қарай дамуға кедергі жасайды деп баланы алдыртып тастамақшы болды. Менің ойымша, бала - Алланың берген үлкен сыйы. Сол сыйдан бас тарту - өте үлкен күнә. Әрине, әркімнің өзіндік ойы мен шешімі бар. Дегенмен, бала - әркімнің басына қона бермейтін бақ. Себебі, Қазақстанда әрбір оныншы әйелдің дерті - бедеулік. Олар бір балаға мұқтаж болып жүргенде кейбіреулер өз баласынан бас тартып жатыр.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Бұл мәселені шешу үшін бала құқықтары туралы жаңа заң бекіту. Яғни, бала алдыруға заңмен тыйым салу немесе безбүйрек пен көкек аналарды жауапкершілікке қатаң түрде тарту.

Бірақ екі шығармада да отбасылық құндылықтар мен тәлім-тәрбие туралы баяндалған. Бауыржан Момышұлының „Ұшқан ұя" шығармасында ата-әже, әке, бауырларының берген тәрбиесі мен үйреткен салт-дәстүрлерін суреттейді. Менің ойымша, Бауыржанның ел үшін қызмет еткен ер болып өсуіне себепші болған әжесі мен атасының берген тәрбиесі. Сол секілді Дулат Исабековтың „Әке" шығармасында ата-анасыз қалған, үлкен әкелері Жамалхай бауырларын жетімсіретпей, ана орнына-ана, әке орнына әке болғанын, бауырлары үшін өз бақытынан бас тартқанын көркем бейнелейді.

Қорытындылай келе, „Ұшқан ұя" повесі мен „Әке" драмасы құрылымы күрделі, отбасылық құндылықтар мен қиындықтарды қатар суреттейді. Екі шығарма да жастарға, жасөспірімдерге, жалпы оқырманға өмір туралы жаңа түсінік қалыптастырып, қателік жасамауға тырысуға тартады. Туындылар автор өмір жолы мен бала кезін суреттейтін көркем шығармалар.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Әке" туындыларындағы отбасы құндылықтары.

Отбасы дегеніміз – ең алғаш адам бойына (ми) тәлім-тәрбие қалыптастырушы орта. Отбасы – тек тәрбиелеп қана қоймай, қиын сәттерде жанынан табылып, керек кезде қолдау беретін адам өміріндегі ең құнды жандар.

(Ал) Қазақ халқы – отбасылық құндылықтарды бойына сіңірген өнегелі қауым. Ата-бабаларымыз отбасындағы бала тәрбиесін бірінші орынға қойған. Оны Бауыржан Момышұлы атамыздың „Ұшқан ұя" мен Дулат Исабековтің „Әке" драмасы арқылы дәлелдей аламыз. „Ұшқан ұя" шығармасында Бауыржан Момышұлы өзінің отбасы мен балалық шағы туралы баяндаса, Дулат Исабеков өз кезегінде „Әке" драмасы арқылы қазіргі отбасыларда орын алып жатқан мәселелерді көркем суреттеді.

Эссе

Сырым Датұлы мен Махамбет Өтемісұлы шығармаларындағы еркіндік идеясы: күрес пен сөз қуатының ұқсастығы

Сырым Датұлы мен Махамбет Өтемісұлы, менің ойымша, қазақ халқының еркіндік рухын биікке көтерген қос алып тұлға. Олардың өмір жолы да, шығармашылық мұрасы да - азаттық пен әділдік үшін күрескенінің айғағы. Екеуі де найзаның ұшымен емес, білімменде, сөз қуатымен де ел намысын қорғаған. Олардың ұқсастықтары көп.

Сырым Датұлы - елге жауапкершілікпен қараған шешен әрі көреген көсем. Оның отты ойлары мен өткір сөздері, халыққа рух беріп, оятты. „Бай болсаң, халқына пайдаң тисін", - деген сөзі бар. Мағынасына келетін болсақ, ол тек ақша туралы емес, азаматтық парыз туралы да айтқаса керді деп ойлаймын. Менің ойымша Сырым Датұлы үшін сөз - әділдіктің семсері, ұлт рухын сақтап қалудың жолы еді десек те болады.

Махамбет Өтемісұлының жырлары жүректегі кек пен намыстың оты. „Мен, мен, мен едім..." деп басталатын толғауында Махамбет Өтемісұлы ерлік пен күрескер рух бейнесі туралы. Және азаттыққа ұмтылған рухтың үнін естимін. Махамбет үшін поэзия - қарсылықтың, күрестің, қайсарлықтың тілі.

Менің ойымша, Сырымның шешен сөзі мен Махамбеттің жалынды жыры - бір-бірінен алшақ емес, екеуі де еркіндік жолындағы ел үні. Қорытындылай келе, Сырым Датұлы мен Махамбет Өтемісұлынан қалған мұра - бүгінгі тәуелсіздігіміздің рухани іргетасы. Сол ерлердің рухы қазақтың қазақтың көкірегінде мәңгілік маздап, жанып тұр. Махамбет өз өлеңінде:

„Еділ үшін егестік,
Жайық үшін жандастық.
Күлгаш үшін қырылдық
Тептер үшін тебістік.", - деп жырлаған еді.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ „ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

"Ұшқан ұя" және "Әпке" туындыларындағы отбасы құндылықтары.

Бауыржан Момышұлының және Дулат Исабековтің екі ақынның да осы шығармаларында отбасы құндылықтары көптеп кездеседі. Екі шығармада да отбасының маңыздылығы, ауызбіршілігі суреттеледі. Бауыржан Момышұлының "Ұшқан ұя" шығармасында отбасындағы әрбір адамның бір-бірлеріне деген мейірімі мен сүйіспеншілігі айқын көрсетіледі. Ал Дулат Исабековтің "Әпке" шығармасында әрбір адамның жеке ойын өз отбасының алдында еркін жеткізе білуі көрсетілген. Ертеден-ақ "Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің", - демекші бойыңдағы асыл қасиеттердің барлығын өз үйіңнен, өз ортаңнан аласың.

"Әпке" шығармасының басты кейіпкері Қамажай. Олардың анасы қайтыс болып, әкелері тастап кеткен. Сол себепті Қамажай өз бауырларына әке орнына әке, ана орнына ана болған. Олар өз күндерін өздері көретін болған соң Қамажай жұмысқа тұруға бел буады. Алайда, оған бауырларының көңілі тола қоймайды. Себебі, Қамажай бұл шешімді ойласпай қабылдаған болатын. Тіпті Қамажайдың бұл ісіне реніштерін де білдірді. Тағы бір жағынан, Қамажайдың бауырларына Қамажай тұрған жұмыста ұнамады. Сол себепті олар отбасы жиналасын жасап, Қамажайдың жұмысына наразылықтарын білдірді. Ал Қамажай оларға жұмыстың жаманы жоқ екенін түсіндіруге тырысты. Сонымен қатар Қамажай бұл жұмыс бізге жақсы жағынан көмектеседі емес пе деп, бауырларының ойын өзгертпек болды.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

"Отан - отбасынан басталады" - демекші, ең алдымен өз отбасыңды құрметте. Отбасы - ол сенің отаның, жақындарың және ең қауіпсіз жер. Бауыржан Момышұлы отбасы туралы көптеген шығармалар, мақал сөздер қалдырған. Дулат Исабековтің де "Әпке" шығармасы адамға керемет ой салады. "Әпке" шығармасының негізгі идеясы қандай шешім қабылдасаң да, өз отбасыңмен ойласып, кеңесіп дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. Отбаса құндылықтары дегеніміз әр отбасының ішіндегі тәртіп, ынтымақ, адалдық және ұйымшылдықты жатқызсақ болады. Екі шығармада да осындай отбасы құндылықтары айқын бейнеленген деп ойлаймын.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Б. Момышұлының "Ұшқан ұя" және Д. Исабековтың "Әпке" туындыларындағы отбасы құндылықтары.

Отбасы құндылығы дегеніміз не? Ол- отбасының ішіндегі негізгі тірек, тәртіп, жанашырлық, жалпы адамға тән рухани байлықтар. Ал, отбасы дегеніміз - бірнеше адамдардан тұратын топ. Барлық құндылықтарды бойымызға сіңіріп, оны әрі қарай дамытуға, жаңғыртуға үлес қосу, әрбір отбасы мүшесінің міндеті болып табылады. Осындай құндылықтарды әрі қарай бізге сіңіруге күш, мүмкіндік беріп отырған Бауыржан Момышұлының „Ұшқан ұя" және Дулат Исабековтың „Әпке" туындылары.

Әр адам үшін өзінің жанұясының (отбасы) орны бөлек. Әрине, кейбір адамдар болады, осы жағдайды түсінбейтін. Мен кейін өскенде басқа қалаға оқуға түсіп, ата-анамнан жырақта тұрамын, ал оларға жылына бір, екі рет келемін де, қайтадан кетемін деп ойлайды, тіпті ата-анасын мүлдем ойға алмайтындар да бар. Бірақ, менің ойымша бұл қате түсінік. Тіпті оны кеш түсініп немесе мүлдем түсінбейтіндер де бар. Ойланыңызшы, сіздің сол ыстық ұяңыздан, бауырларыңыздан жақын, адал достарыңыздан басқа кім бар? Сізді анаңыз 12 мүшеңізді сау қылып дүниеге әкелді, ал әкеңіз сізді мүмкін ұзақ жылдар бойы күткен болар. Сіз өмір есігін алғаш ашқаныңызда жақындарыңыз, одан бұрын ата-анаңыз шүкіршілігін айтып, шын жүректерімен қуанып қарсы алады. Біз- ата-анамыздың ең алғашқы махаббатымыз. Барлығымызды кішкентайымыздан алақандарына салып, аялап өсіреді. Кейін есейе келе бізді жұмсап, еңбекке үйрене берсін деп сол сөзілер қалды. Бірақ кейде өзімізде айтқандарын тыңдамай кетеміз. Жасөспірімдер, яғни біздер не қалаймыз соны жібереміз адам-



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

дан қысылып тұрса да бізге алып береді. Уақыт өте келе біз өсеміз, ер жетеміз. Ал ата-анамызға жас қосыла береді. Кейбір балалар болады, кейін үлкейген соң ата-анасын қарауға шамалары келмей қарттар үйіне тастап кетеді. Енді кезекте өзіңізді ата-анаңыздың орнына қойып көріңізші. Сіз 15-20 жыл бойы мәпелеп, "тұмсықтыға шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай" өсірген туған балаңыз сізді ешқандай аяушылықсыз тастап барады. Жүрегіңіз ауырады ғой! Қазіргі уақыттың статистикасымен салыстырғанда жастардың кем дегенде 45-50%-ы дәл осы әрекетке барып жатыр.

„Отан-отбасыдан басталады" - дегендей, әр отбасы кішкентай ғана мемлекет. Ал, сол мемлекетті әрі қарай бағытта, ұ-лықта ете білу міне біздің қолымызда.

Б. Момышұлы - анасынан ерте айырылып, кішкентайынан әкесі Қызтумақтың қолында өсті. Шығармасының негізгі идеясы - келешек ұрпаққа отбасының, бауырларының қадірін түсіндіре білу. Д. Исабеков өзінің "Әпке" шығармасында да дәл осы тақырыпты қозғайды. Неліктен? Себебі, ол кезде қиын жылдардың бірі болды. Сол кездегі қателіктерден жақсы бір сабақ болсын деген оймен осы шығармалары бізге жетіп отыр. Мысалы, сіз күнделікті өмірде ата-анаңызға, жақындарыңызға өзіңіздің жақсы көретініңізді айтасыз ба? Осы сұраққа көз-келген адам ұзақ ойланып барып жауап береді. Неге? Өйткені, қазір ешкімге уақыт жоқ. Бұл сөзді есту кей әке мен анаға, балаларға арман! Кейбіреуінің не ата-анасы, не баласы жоқ. Әрине, бұл өте қиын. Олар өздерінің қателіктерін өте кеш түсінді. „Алтынның қолда барда қадірі жоқ" - деген нақыл сөз дәл-дәл келіп тұр.

Ұзын сөздің қысқасы - әр бала үшін өзінің отбасысы қымбат! Сол отбасыны сақтап қалу үшін құндылықтарды бойымызға дарыту



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

қажет. Ата-анамыздың қадірін біле жүрейік, ел қорғайтын, жер қорғайтын барлығымыз бірге бақытты болайық. Сен қанша жерден қаласаң да, қаламасаң да олар сенің ата-анаң. Қалай бар солай қабылдап үйрен. Олар берген тәрбиені саған мың адам болсын, бәрібір де дәл солай қылып бере алмайды. Оларды қадірлей біл, ардақтай біл! Сіздерге осы "Ұшқан ұя", "Әке" шығармаларын және кино жанрында шыққан "Ыстық ұя" мен "Болған оқиға" телесериалдарын көруге кеңес беремін. "Отбасы- шаңырақтың бастауы".



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Мен "балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын" деген ойымен толықтай келісемін. Себебі баласыз адамға өмір сүру қиын болады. Бала бұл бізге үлкен қуаныш пен бақыт, махаббат пен күлкі әкелетін кішкентай зат. Баласыз адам қанатсыз құспен тең деседі. Егер сенде бала болмаса өмірдің ешқандай мәні болмайды. Бала кейбір жанға өмір сүруге себепші. Өйткені, бала болмаса мақсат болмайды. Кім үшін өмір сүріп жатқаның өзіңе түсініксіз болады.

Егер сенің өміріңде бала пайда болса әлемдегі ең (бақыт) бақытты жан боласың.

Өз ойымды қорытындыласам бала бұл өмір мәні. Баласыз бұл өмір түсініксіз. Ана бақыты - бала деп есептеледі. Сол себепті бала ең қымбат зат. Баланы бақытты қылып өсіру - әр пенденің міндеті. Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қазақ халқының тарихын, әдеби құндылықтарын, салт-дәстүрін дәріптеп, келер ұрпаққа жеткізу аса маңызды. Осы тұрғыдан ойланар қарайтын болсақ, қазақ халқының әлеуметтік жағдайын, тарихын, атадан балаға мұра ретінде жеткізіп келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын, әдеби құндылықтарын әрбір балаға дамып, өсіп келе жатқан жасөспірімдердің бойында бағу қажеттілігін де түсініп, ежелден бері әрбір баланың бойына сіңіруде, ұмытылмастай ел жадында сақталып, өшпес мұра ретінде қазіргі қоғам жастарына жетуіне дейін үлес қосқан жандардың бірі қазақ халқының би-шешендері, ақын-жазушылары. Олардың қазақ қоғамында алар орны ерекше десек қателеспегеніміз анық. Әрбір шығармаларында сол өмір сүрген уақыттағы әрбір жанның тұрмыс-салты, әлеуметтік жағдайы егжей тегжейлі түсіндіріліп, жеткізіледі. Осы тақырыптардың арасынан әдеби құндылықтарға тоқталатын болсақ, әсіресе отбасы құндылықтарына тоқтала кетсек:

Отбасы дегеніміз - әрбір адамның бір өмірінде бірінші орында тұратын, тіпті ешқандай байлықпен тең келмейтін асыл қазынасы. Әрбір дүние есігін ашып, жаңадан туылып, алғашқы қадамдарын жасаған сәбиден бастап, ер жеткен жасөспірімдерге дейін отбасында өсіп, тәрбиеленеді. Қазіргі таңда кез-келген баланың бойында кездесетін жағымды қасиеттер мен құндылықтар осы отбасында бастау алады. Сондықтан әрбір азамат үшін, адам үшін отбасының алатын орны тым ерекше болады.

Отбасы құндылықтары дегенде, қазақ халқында да отбасы құндылықтарын дәріптеп, жеткізуде де өз үлесін қосатын шығармалар бар. Солардың бірі Б. Момышұлының „Ұшқан ұя" және Д. Исабековтың „Әке" шығармаларын айта кетсек болады. Екі шығармада қазақ қоғамының, қазақ әдебиетінің дамуына өз үлесін қосқан ұлы тұлғалардың туындысы.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Ұшқан ұя", „Әке" шығармаларында да көркемдік мәні ерекше шығармалар. Б. Момышұлының Ұшқан ұя шығармасын оқи отырып жазушының „Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің" - деген сөзін еске түсіреміз. Осы көркем сөзге қарай отырып, әрбір баланың бойындағы құндылықтардың болуы да, болмауы да, оның жетілуіде отбасына тікелей байланысты екенін аңғарамыз. Ал „Әке" шығармасын оқи отыра, әкесінің бауырларына деген махаббатын, қамқорлығын, жанашырлығын көреміз. Әкесінің бауырлары, жанашыр жандары, жақындары үшін әр бақытынан бас тартуы да ерекше көрінеді. Яғни, бұл шығармаларды оқи отырып, әрбір отбасы бала күні тәрбиені, мейірімділік пен қамқорлық сияқты және одан да басқа отбасылық құндылықтарды байқаймыз.

Қорытындылай келе, осы ақындардың шығармаларынан отбасына деген қамқорлық, басты құндылықтарға әрбір оқырманның сана-сезіміне жететіндей дәрежеде пайымдалуына аса үлес қосқандарын айдан анық айта аламыз. Тәлім-тәрбиеңде, отбасындағы құндылықтардың бағаланасы осы отбасы екені айдан анық.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін
бала қайдан шықсын!

Қазақ елінде бұл мақалды бекер айтпаған. Яғни бұл өзін ғана емес, елін, жерін, жұртын ойлау деп санаймын. Өзін ғана ойлау адам қасиетіндегі ең жаман қасиеттердің бірі. Және де ол ең бірінші тәрбиеден басталады деп ойлаймын. Яғни өзіңнің ұрпаққа бағалауың. Сені кішкентай кезіңнен үлкен адамдар немесе отбасың, бауырларыңның сені өзін ғана емес, өзгені де ойлауды үйретпесе сен солай қаласың. Егерде сен өзіңді ғана ойласаң сені ешқандайда адам ұнатпайды. Жаман мінез немесе тағы басқада қасиеті.

Адам бойындағы жақсы мінез-құлық ол адамды көркейтеді. Бірақ бұл әрбір адамға ұнау немесе жағу емес, жәй ғана адам бойындағы қасиет.

Әрбір адам өзінің жақын жұртын ойлай білу керек. Халыққа көмектесу, қайырымдылық жасау, қорғау, қамқорлық тану және тағы да басқа істермен жұртына көмектесу. Халыққа жақын болу жаман әдеттердің бірі емес, керісінше жақсы әдет. Халыққа қандай көзқараспен қарасаң, сонда сізгі жақсы көзқараспен қарайды. Өзгеге жасаған жақсы ісің, өзіңе мыңдаған болып қайтады емес пе? Мен сол себепті өзіңді ғана емес өзгеңде ойлау ең жақсы қасиет. Және сол жақсы қасиеттердің көбін үйрететін ол ата-ана. Ата-анаң сені жаман істерге мүлдем үйретпейді. „Балам жаман болсын", - деп мүлдем айтпайды. Қай ата-ана балам жаман болсын дейді? Олардың ұрсып немесе шешсең тек ақыл айтуы бекер емес.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Өмір мен жұртқа адал болсын, жақсы бала дейді. Бір сөзбен айтсақ өз баласының жақсы адам болғанын мақтанады. Ал ата-ананың тәрбиесін көріп өскен бала ешқашанда жаман болмайды.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

4. „Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!"

Қазақтар - ерте кезден салт - дәстүрін, мәдениетін ұстанып, дәріптеген халық. Балалардың кішкентай кезесте кезінен-ақ ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігін айтып, жақсы жолға тәрбиелеген. Осы тәрбиенің, жұрттың арқасында батырлар мен ғалымдар жетістіктерге жетіп, елін, жерін бүкіл әлемге танытқан.

Алайда, өз туған елінен безіп, өз жұртының батасын алмай жүргендер қаншама ?!

„Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!" - демекші, расында қазіргі таңда балаларға жұрт құшақ жайып, „балам" демесе, балалардан „жұртым" деген сөзді есту мүмкін емес шығар сірә... Заманның өзгергені ме, әлде адамның өзгергені ме? Заман өзгермейді, адам өзгереді. Естіген құлаққа да жағымсыз тиеді. Бұл салт - дәстүрге де, тәрбиеге де байланысты емес, ол адамның қабылдауына және санасына байланысты. „Санасызға сан рет айтсаңда ұқпайды", - демекші, түсінбейтін адамға алтын сөзді шығын қылудың қажеті жоқ. Егер бала жұртын ойлап, істеген ісін „жұртым үшін" деп істесе, ол адамдардың тек батасын алып, өз жұртының мақтанышы болар еді. Ал өзінің ғана қамын ойлап, тек қара басын уайымдаса, жұрттан қарғыс ғана естір еді деп ойлаймын. Сондықтан да әрбір жасөспірім бала, өз қара басын ғана емес,


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

айналасындағы адамдардың, өз жұртын ойлау қажет.
Қорытындылайтын болсақ, әр балаға өз жұрты, елі қымбат. Өз жұртының игілігі үшін жүрген бала, ешқашан жерде қалмайды. Өйткені, ол құлаған сайын, жұрты көмек беріп, әрқашан тұрғызып отырады. Сол себепті, өз еліңіз бен жұртыңыздың мақтанышы болуға шақырамын.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

Б. Момышұлының „Ұшқан ұя" және Д. Исабековтың „Әпке" туындыларындағы отбасы құндылықтары.

Отбасы – бұл шағын мемлекет. Кез-келген адам үшін отбасы бағалы құндылық болып саналады. Әр адамның отбасына деген жеке көзқарасы мен ойы әртүрлі. Отбасы құндылықтарына отбасы ішіндегі татулық, мейірімділік, бір-біріне деген жанашырлық және т.б қасиеттер жатады. Отбасы үшін отбасы құндылықтары өте үлкен маңызды рөл атқарады. Егер отбасы ішінде отбасы құндылықтары сақталмаса, онда оларда өзара келіспеушіліктер туындайды. Осы отбасы құндылықтарын жас ұрпаққа жеткізу мақсатында қаншама ақын жазушыларымыз өз туындыларын қалдырып өткен болатын. Осы тұста Б. Момышұлының „Ұшқан ұя" және Д. Исабековтың „Әпке" туындыларында отбасы құндылықтары жоғары бағаланады. Бұл туындылардың авторлары адам үшін отбасының атқаратын рөлі қандай маңызды екенін айқын бейнелеп өткен. Авторлар кейінгі ұрпаққа осы отбасы құндылықтарының қандай маңыздылығы бар екенін түсіндіргісі келеді. Себебі қазіргі таңда жастардың көп бөлігі отбасы құндылықтарын түсіне бермейді. Яғни, оның адамзат үшін маңызды, құнды дүние екенін көп жастар білмейді. Сол себепті олар осы отбасы құндылығының маңыздылығын атап айтып өткен.

Б. Момышұлының „Ұшқан Ұя" туындысында


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

айрандай ұйып отырған бір отбасының бір сәтті астан кестені шаққана бейнеленеді. Ата-анасынан ерте жастан айырылған баланың өмірі осы туынды-да баяндалады. Бірақ бала жетім қалғанымен оны Анна есімді әйел өз бауырына басады. Бұл қысқа айтылған үзіндіден біз үлкен ой түйе аламыз. Баланың қиын жағдайын көріп, оған жанашырлық танытып, оны өз баласындай көріп, бар жылуын берген Анна бұл туындыда үлкен қаһарман болып саналады. Осы жерден ақ отбасы ішіндегі құндылықтарды байқай аламыз. Ал Д. Исабековтың „Әпке" туындысын-да бір отбасы ішіндегі әпкесінің бауырларына деген қамқорлығы мен мейірімділігін байқай аламыз. Бұл туындыда әпкесі артынан ерген бауырларының қамын ойлап, бар күш жігерін осы бауырларына арнайды. Әрқайсысының еркелігін де, мінезін де көтеріп, қате кеткен жерінде қатесін түзеп отырады. Бауыр-ларын ешкімнен кем қылмай өсіруге әпкесі бар күш жігерін салады. Туындыдан бір отбасы ішіндегі жан-ашырлық пен мейірімділікті байқай аламыз. Екі туындыда да отбасы ішіндегі құндылық айқын сақ-талады. Тек қана сақтала қоймай, басқаларға да үлгі болады.

Қорытындылай келе, бұл екі шығарма да отбасы құндылығының адам өміріндегі рөлі қандай екенін еске салып, оны түсінуге жетелейді. Мен өз ойымды айтар болсам, екі туындының мазмұндары



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

кез-келген адамға ой салып, оған отбасы құндылықтарының жоғары екенін түсіндіруге көмек береді. Кез-келген оқырманға бұл туындылар ұнайды, және бұл шығармалардан жақсы ой түйеді. Келешек ұрпаққа осындай отбасы құндылықтары туралы ой салар туындылар мен шығармалар көптеп жазылса, олар кез-келген адам үшін маңызды құндылықтардың маңызын түсінеді. Тек қана туындылар мен шығармалар ғана жазбай одан әрі жаңартып түрлі қазақты жанрдағы шығармалар жазылса кішкентай оқырмандарда ерте жастан отбасы құндылығын меңгеріп жүреді.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Бауыржан Момышұлының „Ұшқан ұя" және Д. Исабековтің „Әпке" туындыларындағы отбасы құндылықтары.

Отбасы - әр адамның өміріндегі ең қымбат ұя. Бауыржан Момышұлының „Ұшқан ұя" және Дулат Исабековтің „Әпке" шығармаларында осы ұяның жылуы мен құндылығы терең суреттеледі. „Ұшқан ұяда" жазушы өз балалық шағын, ата-анасы мен әжесінің тәлім-тәрбиесін еске алады. Бұл туындыда үлкенді сыйлау, еңбекті қадірлеу, сабыр мен адалдық секілді қасиеттер дәріптеледі. Әкесі мен әжесінің өнегелі сөзі арқылы бала Бауыржан адамдық жолға тәрбиеленеді. Отбасы - оның мінезінің қалыптасу мектебі екенін көрсетеді. Ал „Әпке" әңгімесінде автор отбасындағы мейірім мен жан жылуын әпке бейнесі арқылы ашады. Әпке ананың орнын басып, бауырларына қамқор болған жан. Ол өз бақытын құрбан етіп, отбасына адал қызмет етеді. Мұнда отбасылық махаббаттың, өзара құрмет пен жауапкершіліктің маңызын айқын көрсетеді.

Екі шығарма да бір-бірінен бөлек дәуірде суреттесе де, екеуін байланыстыратын ортақ ой - отбасының адам өміріндегі орны ерекше, ал оның басты күші - сүйіспеншілік пен сыйластық.

Қорытындылай келе, отбасы - адамды адам өнегесін алатын ұя. „Ұшқан ұя мен „Әпке" шығармалары бізге отбасы берекесінің тұрақтылығы пен қамқорлықтың мәңгілік құндылық екенін ұқтырады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сырым Датұлы ұлт азаттық көтерілісшілердің басшыларының бірі. Махамбет Өтемісұлы қазақ халқының батыр, ақыны. Ел мен жер үшін өз өмірін қиған батырлардың бірі.

Сырым Датұлы мен Махамбет Өтемісұлының да шығармаларын: ерлікті, әділдік, еріктілікті сипаттайды.

Қазақ халқы "Отан үшін, отқа түссең -күймейсің" деп бекер айтпаған. Осы батырлар өз жанын Отан үшін, ел мен жер үшін қиған батырлар.

Өздері өлсе де, келер ұрпаққа өлместей мұра қалдырған. Батырлардың шығармаларында: Елге деген адалдық, батырлық, қайтпас қайсарлық негізгі идея болып табылады. Яғни олар біз ел мен жерді қолымыздан келгенше аман-амын қалдық, ары-қарай сендерге тапсырдық деп айтқысы келген деп ойлаймын. Өйткені олар келер ұрпаққа сенген.

Менің ойымша қазіргі таңда бұндай батырлар жоқтың-қасы. Себебі ешкім ~~қ~~ қазіргі таңда өз жанын ел үшін қиа салмайды. Деректерге сенсек, Сырым Датұлы қазақтың шаруасы, кең жерін тартып алмақ болған орыстармен соғысып, өз жерін бермеген.

Яғни өз жерін соңына дейін қорғап аман-амын қалған. Соғыс оңай, ол сол соғыстың бізге тастап кеткен жерді бір ұлыста ұстау өте қиын. Бізге бір жауыздармен соғысып, аянбай тер төккен батырлар көп.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ал біз сол үшін жолмен келген жерді дұрыс сақтап қала алмай жатырмыз. Түрлі қоқыстар, зиянды қалдықтарды тастап жерімізді ластап жатырмыз.

Ал мен осы жайттың барлығын ескере, болашақта біз оның тауып шешетініне сенемін. Ғалымдар. "Болашақ - жастардың қолында" деп бізге сеніп кеткен.

Сол сенімді бұзбаймын деп өзіме уәде беремін. Ал бізге осы тәуелсіздік, кең, шүрайлы жерді қорғап берген батырларға алғысым шексіз!

Енді осы бізге сеніп тастаған жерлерімізді дұрыс және сеніммен қорғаймын.

Ал: күрес пен сөз құдіретінің ұқсастығына келер болсақ: Екеуі де оңай жұмыс емес. Күрес: күш пен сенімділік болса, ал сөз құдіреті ойды тура және нақты жеткізу. Ұқсастығы: екеуінде осы айтып кеткен батырлардың бойында бар қасиет.

Қорытындылай келе бізге қазіргі таңда өмір сүріп жатқан жеріміздің оңай келмегенін түсіндім. Қазіргі таңда осы батырларда бар мінез-құлық, намыстылық, төзімділік, ерлік, қазіргі жастарда жоқ қасиет.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Д. Исабековтің „Әпке" драмасында ата-анасынан жастай айрылған балалардың өскендерінше көрген қиындықтары, қуанышты сәттері бәрі шығармада баяндалады. Б. Момышұлының „Ұшқан ұя" шығармасында Бауыржан Момышұлы өзінің баламалық шағындағы көрген тәлім тәрбиелерін, ата-анасының әдептілі тәрбиесін, өзінің түйген ойларының бәрін қағазға түсірген.

Менің ойымша: Бауыржан Момышұлының „Ұшқан ұя" шығармасындағы бұрынғы замандағы ауыл адамдарының адамгершілік, бауырмашылдық, үлкенді сыйлау қасиеттері ерекше көзге түседі. Ал „Әпке" драмасында ата-ананың орнын жоқтатпай өз бауырларына қамқор болып, олардың бар жағдайларын жасап, барлығы үйлі болуға тырысқан басты кейіпкердің сол жолдағы қиындықтары бәрімен күресіп жеңген жүректі сипаттайды.

Мен ойымды мынадай мысалдармен фактілермен дәлелдей аламын: Екі шығармада да басты құндылық ол ата-ананың тәлім тәрбиесі. Қазақ халқы „Ұяда не көрсең, ұшқанда соны іләсің" деген мақалды бекер айтпаған. Бала отбасында жақсы үлгі-өнеге алса оның баласынан зор үміт күте аламыз. Сол себептен алдымен балаңды тәрбиелемес бұрын өзіңнің іс әрекеттеріңе басты назар салу керек деп айтамын.

Қорытындылай келсем: Шығармалардағы басты мақсат та, құндылық та тәлім тәрбиемен байланысады. Отбасындағы үлкендердің міндетін үлгі өнеге көрсету деп білуіміз керек. Отбасы құндылықтарын сақтау, жаңарту әр азамат пен азаматшаның міндеті.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ „ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Б. Момышұлының "Ұшқан ұя" және Д. Исабековтің "Әке" туындыларындағы отбасы құндылықтары.

Отбасы - әр адамның шағын ғана отаны. Мейлі қай жерде жүрсең, шарықтап қанат қағып ұшып кетсең де, алтын ұя отбасыңа қайта оралғың келіп тұрады. Себебі дүниежүзін жеті шарласаңда отбасыңдағы қамқор, жанашыр жандарды таппайсың. Және, әр адам отбасында әр қалай тәрбиеленеді. Біреуге жұмсақ ұнаса, енді біріне қатал бағып жатады. Оларды бір нұрға ғана бөлеп қарауға мүмкін. Бұл ата-ананың балаға деген махаббаты. Оны көбі көрсете бермейді, бірақ әр ата-ана бауыр еті баласын өзінше жақсы көреді. Кейде олар бізді түсінбейтіндей, мүлдем жақсы көрмейтіндей көрінеді. Осы үшін біз ата-анамызға, бауырларымызға ренжіп жатамыз. Бірақ олар тек біздің жақсылығымызды тілейтінін, оларсыз өмірдің қиыншылықты қиын болатынын есте сақтаған жөн.

Әдеби шығармаларда туындыларда отбасы құндылықтары жайында көп айтылады. Бірақ солардың ішінде Б. Момышұлының "Ұшқан ұя" және Д. Исабековтың "Әке" туындыларында отбасы құндылықтары жайында ерекше, айқын суреттелген. Бұл шығармаларды оқығанда отбасы шынында, қандай да бір тәрбиелік мәні бар екені сезіледі. Б. Момышұлының "Ұшқан ұя" шығармасында Бауыржан атаның ата әженің тәрбиесін алғаны, отбасы мүшелерін тұлғалық жағынан сипаттап, өзінің шарықтап ұшқан ұясында алған тәрбиесін адам болып қалыптасуына тигізген жері жайында баяндалған. Осының негізінде бұл шығарманың басты құндылығы отбасындағы тәрбие



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

"Ұяшан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің" демекші, адам отбасында қандай тәрбие көрсе, сол бойынша мінез дариды. Бауыржан Момышұлы анасы Рабиғадан тым ерте айрылса да ата-әжесінің жылуына қанып, ерекше өскендігін айтқан. Содан да болар Бауыржанға атасы Момыштың мінезі дарыған. Себебі Момышұлы өз шығармасында айта кеткендей, оның атасы өте салмақты, қанды, өткір жүзді, қайратты кісі болған екен. Бауыржан Момышұлы да өте қайратты, тұжырымды, батыл кісі болған дейді. Ал енді Д. Исабековтың "Әке" шығармасына тоқталсақ. Шығармада бағдарлар арасындағы қарым-қатынас көрініс тапқан. Менің ойымша туындының басты құндылығы отбасындағы үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізеттілік танытып, қамқор болу. Шығармадағы түйткілді өзек кейінгі бағдарлардың анасы да, әкесі де болғанмен, үйі тұрып, баласы болған әке жанында болмайды. Жалпы екі шығармасының да отбасы құндылықтары: отбасындағы тәлім-тәрбие, жылулық, мейірім, бір-біріне деген құрмет және сүйіспеншілік сияқты-ақ адам өміріндегі отбасының маңыздылығын көрсетеді деп ойлаймын.

Қорытындылай келе менің түсінгенім отбасы - адам қандай болса да қабылдайтын, жақсы көретін жалғыз мекен. Менімше бұл өмірде анадай - жақын, әкедей - ұстаз, әжедей - сырлас, атадай қорған болар ешкім жоқ. Сондықтан да бар кезінде бағалай білген дұрыс.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Бауыржан Момышұлының „Ұшқан ұя" және Д. Исабековтің „Әпке" туындыларындағы отбасы құндылықтары.

Отбасы - әр тіршіліктің ұясы. Барлығы сол жандардың қасында болады, еркелейді, күледі, алғаш қадамдарын жасайды. Олар қиналғанда жанынан табылатын жақындарың. Күллі тіршілік иесі үшін отбасы ең қымбат болып қала береді. Қиналғанда жаныңнан табылатын, өміріңнің маңызды сәттерінде тілеуіңді тілеп отыратын адамдардың болғанының өзі бір бақыт. Алайда бұндай бақыт барлығына берілмеген. Өкінішке орай отбасынан, жақындарынан айырылған адамдар да бар. Өмірде барлығы болуы мүмкін.

Бауыржан Момышұлының „Ұшқан ұя" және Д. Исабековтің „Әпке" туындылары отбасы құндылықтары жайлы „Ұшқан ұя" шығармасында Бауыржан атамыздың балалық шағы яғни, бұрынғы балалардың балалық шағы мен қазіргі балалардың балалық шағын салыстырсақ мүлдем өзгеше десекте болады. Оны осындай деректер мен дәлелдей аламын. Мысалы: Бауыржанның осындай яғни, біз қазір білетін тұлға болып қалыптасуына үлкен үлес қосты. Әжесі Бауыржанға күнде әртүрлі ертегілер, өмірлік өсиеттер, ақылдарын айтып бар мейірімімен өсіреді. Тек әжесі ғана емес, әкесі де әпкелері де орасан үлес қосқан. Бауыржан кенжесі болған соң ерке болып өсті. Оны үнемі үлкен Ұбиан әпкесі еркелетіп, көтеріп жүретін. Әкесі, Момышта үнемі аңыз, әңгімелермен Бауыржанды жақсы адам болуға үйрететін. Ал қазіргі әжелер мен әкелер балаларына ертегі - аңыздар айтуды мүлдем қойған. Көпке топырақ шашпаймын, бірақ өкінішке орай көбі солай. Менің де әжем көп ертегі білмейді. Менің кішкентай кезімде әжем


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

үнемі „алтын сақа" және „шал мен кемпір" ертегілерін кезек кезек айтып беретін. Бірақ әжем өте жақсы ән айтатын. Мен отбасымдағы шыныменде, жан тәніммен жақсы көремін.

Д. Исабековтің „Әпке" туындысы - отбасындағы қиындықтар туралы жазылған. Жамажай - шығарманың басты кейіпкері. Шығармада Жамажайдың ауыр тағдыры айнышты баяндалады. Жамажай ата - анасы өмірден өткеннен кейін, барлық отбасылық ауыртпашылықты өз мойнына алады. Ол бауырларының бақыты үшін, өз бақытынан бас тартады. Жамажай бауырларын бағу үшін қаншама қиыншылық көреді. Дегенмен қатыгез бауырлары Жамажайдың жақсылығын түсінбейді. Өкінішке орай, осындай қатігез бауырлар қазір де бар.

Осы екі шығарма да отбасындағы құндылықтарды айрықша сипаттайды. Отбасыда қандай жақсы құндылықтар болу керектігін, бауырлардың бауырмашыл болуының маңыздылығын осы шығармалардан үйуғе болады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Мен, мен, мен едім...”

Асанқайғы, Қазтуған, Махамбет, Доспамбет жыраулар қазақтың рухшылдығын өз шығармаларында талмай айтып кеткен. Бұл (шығарма) тақау терең ойды талап етеді. Батырларымыздың ерлігі мен қатал күрескер рух бейнесінде көрсетіледі. Қазіргі өмір сүріп жатқан кең байтақ жеріміз, еліміз осы ата-бабалыздың ерлігінің, намысшылдығының арқасында. Яғни намыс „Мен” сөзі ол менмендік емес ол сөздің астында ерлік, рух, намыс сөздері жатыр. Әрбір қазақ баласында осы қасиеттер болуы тиіс. Бұл (мінез) қасиеттер өз аталарымызда барша қазақ жауынгерлерінде кездеседі. Себебі олар күн-түн демей болашақ ұрпақ үшін қан төгіп майданға аттанды. Оған мысал келтірсек Бауыржан Момышұлы атамыз. Өз намысымен, қайраттылығымен көзге түскен батырларымыздың бірі. Исатай батыр олда елімізді сақта қолбастап жүргендердің бірі болды.

Сондықтан әр қазақ өз елінің болашағы үшін, өз болашағы үшін осы қасиеттерді бойына сіңіру қажет.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Б. Момышұлының „Ұшқан ұя" және
Д. Исабековтың „Әпке" туындыларындағы
отбасы құндылықтары

Қазақ әдебиетінде отбасы құндылықтарын көрсететін, оны дәріптейтін және соған негізделген шығармалар өте көп. Соның ішінде батыр жазушы-Бауыржан Момышұлының „Ұшқан ұя" және Дулат Исабековтың керемет „Әпке" туындысы.

Б. Момышұлының „Ұшқан ұя" шығармасы нағыз отбасы құндылығын, отбасындағы жол қарым-қатынасты, тәрбиені көрсететін туынды. Оның дәлелін біз Момышұлының бойынан байқасақ болады. Атасының әрбір қасиеті, білімге талпынысы, құрмет, бағалау, бәрі-бәрі отбасының, кішкентайынан бойына сіңген құндылықтардың арқасында деп ойлаймын. Ол шығармасында отбасы құндылығын бала кезінен есейгенге дейінгі аралықтағы анасының, әжесінің, ата-әжесінің тәрбиесі арқылы көрсеткен.

Ал „Әпке" туындысында Д. Исабеков әпкесінің бауырларына деген қамқорлығы, қарым-қатынасы, көптеген түсініспеушіліктерді айқын айтты: бауырларына кішкентай болса құндылық болып қалыптасатынын жақсы суреттеген.

Менің ойымша отбасы құндылықтарына толы шығармалар-мен шығуы көптеген оқушыларға


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жақсы тәрбие, өнеге бола алады. Бір ой шешімнің түйінін, құндылықтарды ұға білсем, ертеңгі жау-ы ұрпақ қалыптасатынына сенімдімін.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

4. Бұл екі шығарма қазақ еліне мәшһүр болған шығармалардың бірі. Ал бұл екі шығарма отбасыға берер құндылықтары өте мол. Ал біз бұл шығармаларды бір-біртіндеп тоқталып шықсақ. Бірінші Бауыржан Момышұлы атамыздың „Ұшқан ұя" повесіне тоқталсақ. Бұл туындыда сол кездегі халықтың өмір жағдайын, әл ауқатын білуге болады. Ал бізге жастарға беретін құндылықтарды атап өтсек: бірінші ол бізде үлкенге деген құрмет, біз бұл қасиетсіз жер басып жүре алмаймыз. Ал екінші: бұл бірлік, біз бір тұтас болмасақ арамыз суып бір біріміздең алыстаймыз. Енді отбасыға беретін құндылықтарды атасақ: Мейірімділік бұл қасиетсіз қандай отбасыны елестетуге болады. Сыйластық бауырлардың арасындағы қарым қатынас. Енді Дулат. Исабековтың „Әке" драмасына тоқталсақ, бұл туындыда ана мен әкенің қадірін білуге болады. Өмірде әкенің орны бөлек екенін сезініп көруге болады. Бұл жастарға не өнеге береді. Бұл шығарма бауырға жақынға адал болуды, бір-бірін құрметтеуді үйретеді. Ал отбасыға келетін болсақ: бірінші қасиет ол бізде татулық, татулық болған жерде ырыс пен береке бірге жүреді. Ал екінші қасиет жанашырлық, жанашырлық адам өмірінде бір адамға қол ұшын берсе соның өзі



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ „ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жанарлыққа жатады. Біз айтылған қасиеттерді жүрегіміздің түбіне сақтап қоюымыз керек. Бұдан шығатын түйін. Біз бұл қасиеттерді өнеге етсек бізден жақсы азамат пен азаматша шығатыны айдан анық. Біз кейін бұл қасиеттерді өз отбасымызда дәріптей қолданатын боламыз.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!

Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын. Адамзат туылған кезінен бастап тәрбие алатын ортасы – отбасы. Отбасында қандай тәлім-тәрбие, өнеге мен құрмет көрсе, өсе келе дәл соны өзгелерге де көрсетеді. Яғни отбасы – қоғам айнасы. Сол отбасында біз баланың бойына тек жақсы қасиеттерді дәріптеуіміз керек. Отбасында әр баланың өзіндік орны бар, біз сол тұлғалық болмысын құрметтеп, одан әрі дамыта білуіміз керек. Себебі жас өркен әрқашан айналасындағы күн сәулесіне зәру болады.

„Қарлығаш ұясында не көрсе, ұшқанда соны іледі", – деген бұл тіркес тек қана қарлығашқа емес, күллі адамзат баласына қатысты. Яғни бала бүлдіршін кезінен бастап үйінде қандай тәрбие көрсе, кейін соны қоғамға дәріптейді. Сол себепті қоғамда бала тәрбиесі басты назарда болуы қажет. Қазіргі XXI-ші ғасырда бала тәрбиесі, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас өте күрделі ахуал. Менің ойымша бұл мәселе – ата-ананың ауыр жұмысынан, смартфон мен бірнеше бала психикасына кері әсер ететін бағдарламалардың салдары-



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

нан туындап отыр. Соның нәтижесінде ата-ана мен бала арасындағы суық қарым-қатынас, түсініспеушілік орын алады. Бұл мәселелердің шешімін тек ата-ана ған таба алады деп ойлаймын. Яғни балаларына көп мәселелерде көңіл бөліп, ойын дулап, смартфон мен мән-мағынасыз бейнероликтерге тәуелділігін жойса, арадағы суықтықты жібітуге мүмкіншіліктері жетерлік. Сол арқылы арада мейірімділік, аяушылық, тәртіп пен тәрбие деген секілді қасиеттер орын бастайды. Негізінде ата-ана баланың ең басты әрі негізгі кумирі. Әр бүлдіршін кішкентай кезінен бастап өз ата-анасына еліктеп, ұқсағысы келіп өседі. Олар қандай маман иелері болса, сол мамандыққа қызығушылықтары артып, бейімделе бастайды. Егер ата-ана еліне адал азаматтар болса, балада соған қарап бой түзеуге тырысады. Соның арқасында ұлтқа жанашырлық пайда бола бастайды. Өз ұлтына жаны ашыған азаматтың ғана жолы ашылып, халықтың ықыласына бөленеді. Ол оның кемелен өмір жолына үлкен септігін тигізеді. Себебі қазақта «Маңдай мен - тер келері, батамен - ел көгереді» делінген. Біз тек


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ДАРЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

халықтың батасы мен сенімінің арқасында ғана өркендей аламыз. Бірақ біз тек халықтың батасын алып, ештеңе бітірмей жүре бермей, одан әрі мен әрекет етіп, алға қойған арман-мақсаттарымызға қол созғанымыз абзал. Сонымен қатар біз міндетті түрде осы адамдық, әділдік, жақсылық атты қасиеттерімізді кейінгі ұрпаққа да дәріптеп отыруымыз керек.

Қорытындылай келе, халыққа жақсылық, адамдық сияқты қасиеттердің барлығын біз тек отбасыдан сіңіреміз. Тіпті біздің ортамыз, достарымыз бен таныстарымыздың өзі қаншалықты әсерлі болып тұрса да, басты тұтқа мен тәрбие ошағы ол-отбасы. Яғни баланы қаншалықты қоғамдық ортада тәрбиелеп, оған үйретіп жатсақ да, оның отбасынан алған тәрбиесі судың бетіне қалқып шыққан балықтай болып айдан анық көрініп тұрады. Сондықтан бала тәрбиесін бесікте бөлген кезден-ақ бастау қажет. Қазақ халқы кезінде бала тәрбиесін басты назарда алған. Соның нәтижесінде ұлтымызда менмін деген алып тұлғалардың саны жетерлік. Бізде солар секілді бірегей тәрбие нәтижесінде өзге ұлттардан артық болмасақ, кем болмаймыз деген үміттенемін әрі сенемін!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Б. Момышұлының „Ұшқан ұя" және Д. Исабековтің „Әке" туындыларындағы отбасы құндылықтары"

Отбасы - ана, әке және баладан тұратын адамдар жиыны. Бұл термин біздің әлеміміздің тірегі. Ал отбасы құндылықтары - ауызбіршілік, мейірімділік, естілік, махаббат сияқты қасиеттердің жиынтығы. Осыған сәйкес мысал келтірсек, бұл „Ұшқан ұя" повесті мен „Әке" драмасымен толық сәйкес. Осы екі туынды отбасының көркемдігін, маңыздылығын мәселе ретінде талқылайды және қозғайды.

Отбасындағы ажал алдында еске ал. Біз бұл дүниені Бауыржанның кейпінде көреміз. Яғни, ол соғыста жүрседе өз жанұясы туралы еске алып, повесть жазған. Өз повестінде Бауыржан ата-анасынан алған тәлім-тәрбиесін, қызықты оқиғаларын баяндайды. Нақтырақ айтқанда, жеті атаны жаттау, үлкенді құрметтеу, әділ болу, әжесінен ақ салатын ертегі тыңдау. Осы арқылы Бауыржанның тұлға болуына ықпал болған оның отбасысы екенін байқаймыз. Яғни, „тәрбие тал бесіктен" немесе „Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің" деген нақыл сөздер бос емес екенін байқаймыз. Себебі, Бауыржан әкесінің арқасында батыр, әжелерінің арқасында мейірімді, әжесінің арқасында ақылды болды. Одан бөлек, көкесі Момышұлының арқасында ол шығармашылыққа бел буды. Осыған орай, отбасының бала өмірінде үлкен рөл атқарады және ата-ана өміріне әсер етеді.

Қиын кезде отбасының ауызбіршілігін бұзбай, нығайту. Тура осы нәрсе Қаманайда болады. Яғни, ол ата-анасынан айырылып қалады, іні-сіңлілерін жеке тәрбиелеп, өсіреді. Оқиға ең басынан Қаманай үшін қиын болып басталады. Бірақ ол оқиға соңына дейін берілмейді. Себебі, Қаманай бақытты отбасы жасағысы келді. Оған басында Тимур мен оның достары кедергі келтіреді. Олар пәтерге келіп, шылым шып, шу шығарады. Осылай Назира мен Тимур арасында жанжал туындайды. Осындай оқиға бір-екі рет


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ „ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

арын алады. Бұған Қаманай барынша көмек беріп жанжалды тоқтатады. Осы қарқында, оқиға аяғына қарай әркім өз жолымен кетеді. Ал Қаманай Ермек екеуі туған күн тойлайды. Ол туған күнде көрші жел, Ермек пен Қаманай ғана болады. Осы оқиғаға мағына берсек онда ол „Ана балаға қарайды, ал бала далаға қарайды" деген әнмен сәйкес келеді. Яғни, Қаманай отбасы бақытын құғанымен, іні-сіңілілері басқаны қуды. Бірақ, Қаманай отбасындағы жанжалды жойды. Сондықтан, отбасы ауызбіршілігі - өте маңызды аспект.

Отбасыңды барда қадірле. Яғни, отбасыңмен болған кездің бәрін ерекше оқиға ретінде қабылда. Себебі, сенің жасың келгенде отбасың болмайды. Сол кезде отбасы жоқтығы, отбасы бар кездегі уақытты дұрыс қолданбағаныңа өкініш жүректен өтеді. Бұған мысал „Үшқан ұя" мен „Әке" туындылары. Себебі, Б. Момышұлы жасы келіп, ата-анасы мерт болғанда, соғыс кезінде еске ала, „Әке" драмасында Қаманай „зұлмет жүгін көтерген қоз", яғни, ата-анасы мерт болған соң іні-сіңілілеріне ата-ана махаббатын берген. Бұл екі туынды отбасы құнын анық бейнелеуде. Сондықтан, уақыт барда отбасыңмен уақыт өткіз.

Қорыта айта, отбасы бұл есепмен. Отбасы мәңгі емес. Оны бар кезінде қадірлеу керек. Ешкім білмейді отбасының қашан жоғалатынын. Оны сүйіп үйрену керек.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Б. Момышұлының „Ұшқан ұя" және Д. Исабековтың „Әке" туындыларындағы отбасы құндылықтары

Құндылық – зат заттың, я құбылыстың өзіндік қадір-қасиеті, маңызы, алатын орны деп түсінемін. Ал отбасылық құндылық – жанұя мүшелері арасындағы сыйластық, бірлік пен махаббатқа толы қарым-қатынасы десем, артық айтқаным болмас. Отбасылық құндылықтарды жас ұрпаққа көрсетіп, оларды дәріптеу – жазушыларымыздың алға қойған мақсаттарының бірі. Сол мақсатқа қол жеткізе білген жазушыларымыз – атақты „Ұшқан ұя" повесін жазған Бауыржан Момышұлы және „Әке" пьесасын жарыққа шығарған Дулат Исабеков.

Айтылып отырған екі туындыда да көз-келген адамға жанұяның қандай болатынын, оның мүшелері арасындағы қарым-қатынастың қандай болуы қажет екенін көрсетеді деп білемін. Ондағы кейіпкерлер қанша жерден ашулы, өжет, қатал болғанымен, өз отбасына келгенде қорғайтын, жанашыр жанға айналады. Олар өзара қанша ұрысса да, керісе де, ренжісе де соңында татуласатын, бірін-бірі жақсы көретін адамдар. Екі шығармадан да мысал келтірер болсақ, „Ұшқан ұяда" Бауыржанның әкесі Момыштың інісінің бір әдепсіз сөзі үшін оны сойып салып, Момыш оны таяқ соғып, бір жетіге басқа ауылға жібергенде оны қатты сағынып, көңілі толастағанына күйзелуін айта аламыз. Ал „Әке" пьесасында кейіпкерлер қанша рет айтысқа түсіп, бір-бірінің ойын құптап-қолдамай, қарсы шықса да уақыт өте қайта татуласатынын айта аламыз.

Қорытындылай келе, Б. Момышұлының „Ұшқан ұя", Д. Исабековтың „Әке" шығармалары адамдарға отбасылық құндылықтарды бейнелеп көрсетіп, өз жанұясын жақсы көруге, оны құрметтеуге дәріптейді деп түйіндедім. Мұндай туындылар өскелең ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп, отбасы құндылықтарын көрсетеді.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Отбасы – бұл кішігірім мемлекет. Отбасы ішіндегі ең өзекті және қуанышқа, шаттыққа толы сәттер, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің бойындағы адамгершілік қасиеттері оның құндылықтары. Яғни, өзара туыс жандар арасындағы сүйіспеншілікті, мейірбандық пен қамқорлықты жатқызуға болады.

Бауыржан Момышұлының "Ұшқан ұя" және Исабековтің "Әке" туындылары осы отбасылық құндылықтардың айқын көрінісі және өз жанрындағы мазмұндық тұтастыққа сай болып табылады.

Біріншіден, "Ұшқан ұя" шығармасында мен байқаған құндылық – отбасы ішіндегі ауызбіршілік. Себебі, қандай да бір қиыншылық туса да, Бауыржанға жақын жанұясындағы адамдар бір-біріне көмек қолын ұсынып, сол қиындықтардан бірге өтуге тырысады. Сондай Бауыржан өз Момыш атты әкесімен мақтанады және оны аса құрметтейді. Өйткені, қазақ еліне белгілі қаһарманның әкесі өте ақылды кісі болған екен. Осы жағымды әдеттіде отбасы құндылығы ретінде алуға болады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Егер де, "әке" деген Исабековтің еңбегі бойынша сөйлейтін болсам, бұл шығармадағы басты отбасы құндылығына мен қамқорлықты жатқызар едім. Оқиғаның басынан соңына дейін бізге "әке" ретінде берілген кейіпкер ата-анасы болмаса да, отбасының тірегі болып, іні-сіңлілеріне қамқорлықпен қарайды. Туындының соңында ол отбасының қамын ойлап, махаббатынан бас тартады. Менің ойымша, осы шығармада отбасылық құндылықтар шебер бейнеленген, мәнін тапқан.

Қорытындылай келе, отбасы біртұтастығының бағын әркім өз бетінше қылады. Олай болса, отбасыдағы нұрды сақтау үшін әрқайсымыз тырысуға міндет!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ